



№12 (9899)
11 ақпан,
сенбі
2023 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Жаңалаған жаршысы

Ауданның қоғамдық-саяси газеті



Ел жаңалықтары

Биыл 70 мыңға жуық Қазақстан азаматының пәтер жалдау ақысының жартысын мемлекет субсидиялайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында жекелеген санаттарға жататын азаматтардың мәселесін жеделдетіп шешу үшін қазір елімізде жеке тұрғын үй қорындағы баспананың жалға алу ақысын субсидиялау тетігі іске асырылып жатыр.

Тұрғын үй субсидиясын қалай алуға болады?



Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің баспасөз қызметі жариялаған хабарламада биыл осы мақсатқа 50 млрд теңге бөлінетіні айтылған. Бұл 70 мыңға жуық адамды қамтуға, олардың баспананы жалға алудағы төлемінің 50 пайызын өтеуге мүмкіндік береді. Аталған бағдарламаға қатысу үшін Otbasybank.kz платформасына өтініш жіберу қажет.

Субсидиялауға өтініштер электронды цифрлы қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы қабылданады. Сонымен қатар жалға берілетін тұрғын үйді азаматтар өздері іздеп, таңдауы тиіс. «Отбасы банк» тұрғын үйді жалға алу бойынша субсидияларды жалдау шартының қолданылу мерзімі мен төлемдердің кестесіне сәйкес ай сайын төлейді.

Жалға алу төлемдері бойынша мемлекеттік субсидияны алуға I және II топтағы мүгедектер, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар, жетім балалар, көпбалалы отбасылар үміткер бола алады. Бұл ретте үміткер отбасылардың кейінгі 6 айдағы орта айлық жиынтық табысының мөлшері жаңуының әр мүшесіне шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспауы тиіс. Отбасы банкі субсидия алушылардың сәйкестігіне мониторинг жүргізіп, ай сайын төлем тәртібін қадағалайды. Ал жергілікті әкімдер кемінде тоқсанына бір рет жалға берілетін тұрғын үйді тексеріп отырады. Бұл орайда жақын туыстарының бұрын некеде тұрған жұбайларынан және ерлі-зайыптылардың туыстарынан тұрғын үйді жалға алуға, сондай-ақ аталған баспананы қайта жалдауға өткізуге тыйым салынады.

Оқушы білімін бағалаудың ең тиімді әдісі

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек журналист Арманжан Байтасовқа берген сұхбатында Қазақстандағы ұлттық бірыңғай тестілеу жүйесіне қатысты пікір білдірді. Оның айтуынша, ҰБТ форматы жыл сайын жетіліп келеді. Дегенмен ең тиімдісі – SIT (System integrated test) жүйесіне көшу. Қазақстан бұл жүйеге шамамен үш жылдан соң көшуі мүмкін.

Министрдің сөзінше, қазір ҰБТ «сұрыптау» сияқты жұмыс істейді. Десе де ол талапкердің білімін жақсы не нашар деп қана бағалайды. Сондықтан Саясат Нұрбек ең дұрысы SIT жүйесіне өту деп есептейді. Ал SIT сертификаттарын мақұлдау тіпті тиімді шешім болар еді дейді.

Оның айтуынша, егер Қазақстан SIT жүйесін қолдануға көшсе, талапкер міндетті ҰБТ тапсырмайды. Оның орнына түлек авторизацияланған SIT орталықтарында емтихан тапсырып, қажетті балл жинауы керек.

— Шетелде солай. Біз де осы модельге көшеміз. Әр бала өз алдына мақсат қойып, соған жетуге ұмтылуы керек, — деді Ғылым және жоғары білім министрі.

Қазір Қазақстанда ҰБТ жүйесін SIT стандарттарына жақындату жұмыстары жүріп жатыр. Ол үшін биылдан бастап «бес сұрақ» — бір дұрыс жауап» форматындағы сұрақтардан бөлек, талапкердің аналитикалық ойлау қабілетін танытуына негізделген сауалдар да енгізіледі.

— Расын айтқанда, әзірге бұдан артық жүйе ойлап талпағандықтан ұлттық бірыңғай тестілеу өткіземіз. Өйткені Қазақстандағы білім беру жүйесі орталықтандырылған. Ал дамыған елдерде әр университет оқуға қабылдау талаптарын, уақытын өзі белгілеп, сол арқылы студенттерді жинай алады. Сондықтан екі маңызды бастаманы қолға алып отырмыз. ҰБТ форматын халықаралық SIT стандарттарына жақындату үшін Кембридж университетімен жұмыс істедік. Талапкер өз білімін көрсете алуы үшін сынақтағы мәтінді жаттап алуына емес, оны түсінуге, жауаптарға дедүи жасауына көңіл бөлеміз. Биыл бұл форматты пилоттық сынақтан өткіземіз деп ойлаймын, — деді Саясат Нұрбек.

Е.СОЗАҚБАЕВ

Бауырлас елдің оңтүстік-шығысында болған жойқын зілзала қазақ жұртының да қабырғасын қайыстырды. Бейсенбі күнгі ресми ақпарат жер сілкінісінен олат болғандардың 16 мыңнан асқанын айтады. Ал одан бері қаза болғандар саны артпаса, кеміген емес.

Иә, әлеуметтік желіде жер сілкінісі кезінде бойын үрей билеген жергілікті тұрғындар, апаттан зардап шеккен түрік ағайындар хақында ақпараттар желдей өседі. Бауырлас елге өзінің, жалпы қазақ жұртының атынан көңіл айтқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің Түркияға жан-жақты көмек көрсетуге дайын екенін жеткізді. Артынша онда құтқарушылардың алғашқы лепі атанды, жер-жерде зардап шеккендерге материалдық һәм қаржылай қолдау көрсету шаралары қолға алынды.

Бейсенбіде қазақстандық құтқарушылардың келесі тобы Түркияға аттанды. Екінші эшелон құрамы барлық қажетті құрал-жабдықтармен жарақаталған.

Табиғаттың тосын мінезі ешкімді аямады. Зілзаладан зардап шеккендерге отандастарымыз, қандастарымыз ө дегеннен қолдан келген қамқорлығын беріп келеді. Бірі қаражат жинап, керекті дүниені сатып алып аттандырып жатса, бірі киіз үй қамдап, келер күннің қажетін де жеткізіп беру үшін жанталасуда. Мәселен, белгілі әнші Димаш Құдайберген өзінің Instagram парақшасында Stranger әлемдік туры аясында концерттерінен түскен қаражаттың бір бөлігін Түркия мен Сириядағы жер сілкінісі салдарынан зардап шеккендерге көмек ретінде беретінін хабарлады. Ал қоғам белсендісі Арман Шораев пен журналист Нұрбек Бекбау жұрттан жылу жинап, зілзаладан зардап шеккен Түркияға көмек ретінде киіз үй жіберді. Бірер күнде олардың шотында қазақстандықтардан 20 миллион теңгеден аса қаржы түскен. Киіз үй алуға қаржылай қолдау көрсетіп, қайырымдылық шарасын ұнат шет қалмағандар қатарында жергілікті кәсіпкерлер Мурат, Марат Сәрсенбаевтар да бар.

Қазір Қазақстан ТЖМ құтқарушылары төрт учаскеде авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізіп жатыр. Осыған дейін Қазақстан ТЖМ құтқарушылары 7 адамды құтқарып, медицина қызметкерлеріне тапсырып. Қайтыс болған 14 адамның, оның ішінде бір баланың денесі үйінді астынан шығарылды. Қазақстан ТЖМ

Кенес

Отбасы – тәрбие бесігі

Қай кезде де ұрпақ тәрбиесін бірінші орынға қоятын, еңбек пен білімді ұштастыра білген әрбір ата-ана үшін баласының болашағы бәрінен қымбат. Сіздермен бүгінгі кездесуге аудан әкімі ретінде емес, мен де ата-ана ретінде ашық пікірлесіп, балаларымыздың тәрбиесі жайлы ой-пікірлерімізді еркін ортаға салуға шақырамын. Жалпы, біздің бала тәрбиесіндегі ұстанымымыз бір. Кім баласын жаман болсын дейді, бәрі де баласының жақсы азамат болғанын қалайды. Балаға тәлімді тәрбие мен лайықты білім беру де баршамамыздың мүддесі ортақ. Бұл салада бізде бір ғана мақсат бар, ол – туған елін шексіз сүйетін, өз ісіне адал, еңбекқор, білімді ұрпақ тәрбиелеу. Аудан әкімі Асқарбек Есжанов «Отбасы – тәрбие бесігі» атты бірлескен кеңесте осылай деді.

Білім беру қызметкерлері мен ардагер ұстаздар, ата-аналардың басын қосқан жиында бала тәрбиесінде шалыс қадам жасамау үшін қайтпек керек, осы сауалдың түйіні тарқатылды. Айттыскер ақын, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері, мәдениет саласының майталманы Мұхтар Ниязов модераторлық жасаған жиында өңір басшысынан бөлек облыстық білім басқармасының басшысы М.Шермағанбет, бала құқығы жөніндегі уәкіл психолог Ж.Ұзақбаева, аудандағы бірқатар бөлім басшылары мен ата-аналар баяндама жасап, өз ойларымен бөлісті.

Бірінші болып мінберге көтерілген аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов білім беру ұйымдарында құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу және бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында атқарылған жұмыстарды саралады.

Бөлім басшысының сөзіне сүйенсек,



аудандағы барлық білім беру ұйымдарында «Оқуға күштар мектеп», «Пікір-сайыс қозғалысы», «Балалар және театр», «Мектеп парламенті», «Мен өлемге домбыраны танытамын», «Ата-ананың жұмыс орнындағы 3 күн», «Туған жерге тағзым» өлкетану саяхаты, «Балалар өлеміндегі игі істер» жобалары жоспарлы түрде жүзеге асуда. Жоба жұмыстары, оқушылардың көшбасшылық қабілетін дамытып, ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайтады. Бүгінде аталған жобалармен 4000-нан астам бала қамтылған.

Талғат Садықов бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз ата-ана деп есептейді. Расында бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер жанұяда балаға ақылды сөзбен, үлкендердің үлгісімен сіңеді.

— «Әкеге қарап үл өсер, шешеге қарап

шеккендермен аудио байланыс орнату, қажетті көмектің көлемі мен сипатын анықтау бойынша жұмыстарын жүргізді. Қазақстандық құтқарушылардың үлкен тереңдіктегі үйінділердің астынан зардап шеккендерді эвакуациялау үшін жол ашу жұмыстарын орындап, жедел және сауатты іс-қимылдың, сондай-ақ зардап шеккендерді блоктан шығару бойынша уақытылы қабылданған шаралардың нәтижесінде көше түнде көлемі 18 мың текше метрден астам үйіндінің астынан ер адам мен екі әйелді шығаруға мүмкіндік туды. Адамдар дереу медициналық қызметтеріне жеткізілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Хатай елді мекеніне құтқарушылар тобы және кинологиялық есептоптар жіберілді. Іздеу объектісі – толығымен қираған алты қабатты үй, үйіндінің көлемі 18 мың м3 асады.

Құтқарушылардың жұмысы көптеген үйінділермен, тұрақсыз құрылымдармен күрделене түседі. Қазақстандық құтқарушылар барынша тиімді жұмыс істеп жатыр. Қазіргі уақытта осы объектіде үйіндінің астынан қайтыс болған үш адамның денесі шығарылды, оның бірі – Қазақстан, екінші – Түркия азаматы. Іздеу-құтқару жұмыстары өлі де жалғасып жатыр.

Түркия мен Сириядағы жер сілкінісінен қаза тапқандар саны 21 мыңнан асты. Түркия вице-президенті Фуат Октай табиғи апаттан қаза тапқандар саны 17 674-ке, жараланғандар саны 72 879-ға жеткенін айтты. Көршілес Сирияда көм дегенде 3 377 адам қаза тапқан. Екі елде олат болғандардың жалпы саны 21 051-ге жетті.

6 ақпанда Түркияның орталығы мен оңтүстік-шығысында, Сириямен шекаралас жерде жойқын жер сілкінісі болғаны хабарланған. АҚШ Геологиялық қызметінің мәліметінше, 7,8 балдық жер сілкінісі жергілікті уақыт бойынша сағат 04:17-де Газиянтеп маңында 17,9 шақырым тереңдікте тіркелген. Сондай-ақ Түркияның ер жерінде тұрғын үйлер мен тарихи Газиянтеп бекінісі қирады. Ал Италияда Түркиядағы жер сілкінісінен кейін цунами қаупі ескертілді.

Бұл табиғи апаттан бауырлас ел зардап шекті, қазақстандықтар қайғысына ортақтасып, көңіл айтты, қолдан келген көмегін де аямады. Тіпті әлеуметтік желі пайдаланушы әрбір отандасымыз оларға жәрдем ретінде ұйымдастырылған қайырымдылық шараларын қолдап, шығармашылық өкілдері де бұл шаралардан шет қалмады. Әріптесіміз Қуат Ахетов те «Көңіл туын мен де төмен түсірдім» атты өлеңі арқылы бауырлас елге көңіл айтқан болатын. Кейін оны түріктер өз тілінде аударып, телеарналарда бір ғана туындыдан қазақ жұртының өздеріне деген жақындығын түсінгенін айтып риза болған. Иә, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет екенін бірінші болып мойындап, кейін Президенті «Қазақ еліне қастық ойлаған мемлекет алдымен бізбен соғысады» деген сөзі де бауырлас елдердің арақатынасын нығайтқан болатын. Біз де бауырлас елдің төбесінде тұрған қарабұлтты сейілтуде аянып қалмаймыз.

Ерлан ӘНУАРҰЛЫ



Аққұмдағы алтын ұя

Өжеттік пен намыс, көзсіз батырлық қазақ жігіттерінің қанында бар қайсар мінез, ерекше қасиет. Кезіндегі батыр-баһадүрлердің бүгінгі жалғасы сол тектіліктен ұзаған жоқ. Біз қазақтың бойындағы тектілікті, батыр-баһадүрлеріміздің ерлігін сөз еткенде кешегі тарихтан белгілі қазақ әйелдерінің, ардақты аналарымыздың да қысылтаяң кезеңдерде табандылық танытқанына тоқталмай өтпейміз. Өйткені қазақ әйелдерінің арасында ерлермен қатар атқа қонып, ел мен жерді алакөздерден қорғаған, отбасындағы бірлік пен берекені сақтай отырып, ерге тән істерде де тартынып қалмаған қырық шырақты нәзікжандылар болды.

Өңгімемізді қазақ қыздарының, әйелдерінің қайсарлығынан бастағанымыздың жөні жоқ емес. Бүгінгі бейбіт заманда да біз айтқан қазаққа тән тектілікті тарихымызда ойып тұрып орын алған осындай тарихи тұлғалардың ізін жалғаған текті ұрпақ дәлелдеп келеді. Бүкіл қазақстандықтарды қайран қалдырып, ерлігіне бас идірген еліміздің бас қаласындағы оқиға осы сөзімізді қуаттай түседі. 2-3 жас шамасындағы бүлдіршінді тосын апаттан құтқарып қалған Сәбит Шонтақбаевтың табандылығы бейбіт күннің батыры деуге әбден лайық іс. Тіпті ер азаматтардың ерлігі былай тұрсын, кейде оқыс оқиғалар орын алғанда жасөспірімдер мен балалар да сын сағатта сынып қалмай, табандылық танытып жатады. Мұндай қас-қағым сәтте қабылданған дұрыс шешімнің арқасында қанша жан апаттан аман қалып, қанша отбасыны құдай сақтап қалды десек те болады. Жалағаштықтар дәл осындай оқыс оқиғаның куәгері болып, жудырықтай жүрек иесінің жанталасып жүріп бауырларын тілсіз апаттан аман алып қалғанын әлі күнге айтып жүр. Ең қызығы біз өңгімеге тұздық еткен батыл қадам жасаған бейбіт күннің батырлары екеуі де Аққұм ауылының тумасы. Бірі сондағы А.Бисенов атындағы орта мектептен түлеп ұшқан болса, енді бірі әлі де сол мектепте білім алуда. Қаһармандар тәрбиеленген алтын ұяның тыныс-тіршілігімен танысуды жөн көріп, Аққұмға табан тіредік. Гүлзира Құлмаханова басқаратын мектепте қолға алынған жобалар көп-ақ екен. Алдымен мектептің тарихына шолу жасап, сосын жетістіктерімен таныстық.

Жалпы №38 орта мектептің негізі 1929 жылы «Шымбөгет» колхозы құрылған кезде қаланған. Алғаш бастауыш мектепте пайдалануға Тәжібаев Қыстаубайдың тұрғын үйі берілген. 1930 жылы жеті жылдық, 1942-1943 жылдары орта мектеп болып қайта құрылады. Содан 1946 жылы барып Аққұмда он жылдық мектептің жаңа нысаны салынып, мектеп сонда көшіріледі. Сол уақыттан бастап білім ордасы «Шымбөгет» мектебі деп аталады. 1973 жылы мектеп жаңа ғимаратқа көшіріліп, кейіннен Социалистік Еңбек Ері Алдаберген Бисеновтің есімі беріледі. Айта кету керек, Еңбек Ерінің есімі берілген тұста ұрпақты әуылдағы мектептен А.Бисенов атындағы мұражайын ашып, онда осы кісінің көзі тірісінде тұтыған заттарын, шаланын және портфельін қойыпты. Тарихи құжаттар да жоқ емес. Ал музейдің бір бөлігі мектеп тарихынан сыр шертетін құнды дүниелерге толы болса, бір бөлігінен мектеп ұжымының жетістіктері орын алыпты. Кең әрі жарық және өте ыңғайлы етіп жасалған музейде мектеп балалары да жиі бас қосады екен. Мұнда олар мектеп тарихынан бастап күні бүгінге дейінгі жетістігін және Социалистік Еңбек Ерінің өнегелі өмір жолымен таныса алады. Біз мектепке бас сұққаннан ондағы тыныс-тіршілікті көріп, балаларға барлық жағдай жасалғанын түсіндік. Білім ошағындағы дәстүрлі түрде өтетін жобалардың барлығы дерлік жастардың тұлғалық дамуына септігін тигізеді. Мәселен «Ұшқыр ой



алаңы» жобасы аясында пікір-сайыс алаңдары мен «Дебат» турнирлері өткізіліп, оқушылар аудандық, облыстық сайыстарда орындар иеленіп жүр екен. Сонымен бірге «Құқықтық мәдениет» жобасы бойынша АІІБ қызметкерлерімен көздесулер, «Мен салауатты өмір салтын қолдаймын» жобасы бойынша бірнеше спорттық сайыстар, «Өнерлі өрен» жобасы бойынша мектепте «Мектеп театры» үйрмесі, «ECO START» жобасы бойынша мектепте «Жасыл бұрыш», «Жақсылық жаршысы» жобасы бойынша мектеп ардагерлерімен әр мерекеде кездесулер мен «Сыр сұхбат», «Аялы алақан» жобасы бойынша ауылдың қарт және жалғыз басты аналарына көмек көрсетілсе, «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында қазақы бұрыш, домбыра сыныбы ашылып, қазақтың ұлттық ойыны тоғызқұмалақ үйрмесі және домбыра үйрмесі жұмыс жасауда. Сондай-ақ мектепте жаңа модификациялы кабинетпен химия, биология кабинеттері жабдықталған. Қазіргі таңда мектепте 20 оқу кабинеті, оның ішінде мультимедиялық кабинет, компьютерлік сынып, шеберхана, мұра-мен ғұрып, кітапхана, спорт зал, медициналық кабинет пен акт залы да бар.

Осы тұста тағы бір көпке үлгі боларлықтай дүниені айтқымыз келеді. А.Бисенов атындағы №38 орта мектептің түлеп, ақыл, «Шабыт» шығармашыл жастар фестивалінің лауреаты, халықаралық «Алтын асық» сыйлығының, Президент стипендиясының иегері Асылзат Арыстанбек те өзі түлеп ұшқан алтын ұясына келіп, ұстаздарына деген ерекше алғысын білдіріп, өзінің артынан өрген іні-сіңлілеріне арнап домбыра сыныбын ашыпты. Бұл сыныпта мектептегі бірнеше бала домбыра тартуды, күй ойнауды үйренеді. Тіпті Асылзат мектеп ұжымына өз қолынан шыққан түрлі қазақы нақыштағы костюмдерді, көйлектерді сыйға тартыпты. Енді оқушылар мектепшілік шараларда осы қазақы киімдерді киіп, Аядай ғана ауылдан осындай жүрегі кең, патриот үл-кыздың шығуы тектен тек емес қой. Әсіресе тәрбиесі мен тәлімі келіскен баланың есейгенде өзі туған жеріне, өзі білім алған мектебіне осындай

сый жасауы бұл – ұстаздарының ұлы міндетін мүлтіксіз атқарғаны деп білеміз. Ұстаз ұлы есімін лайықты арқалап, сапалы білім нәрімен сусындата білсе, шәкірттердің де тегін болмасы анық.

Өңгімеге арқау еткен Алдаберген Бисенов атындағы №38 орта мектебінде қазіргі таңда 58 мұғалім жұмыс жасап, 361 оқушы білім алуда. 2022-2023 оқу жылы бойынша оқушылар мен ұстаздар жұмысы жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Пән апалықтар аясында дарынды балалардың қабілетін шыңдау, білімге деген қызығушылығын арттыру мақсатында зияткерлік жарыстар да ұйымдастырылады. Біз табан тіреген білім ошағында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, «Ыбырай Алтынсарин» төсбеллісін, аудан әкімінің «Жыл ұстазы» номинациясының, облыс әкімінің сыйақысы, Қ.Р Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет» грамотасының иегері Жанар Шілдебаева өзі жетістікке жетіп қана қоймай, шәкірттерінің дарыны мен қабілеттерін жан-жақты қырынан көрсетіп келеді. «Үздік қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пән-дердің бірлестік жетекшісі-2022» байқауында да ІІ орынды, облыстық «Ахмет – ұлт ұстазы» жазба ақшадар мұшайрасында ІІІ орынды иеленген. Мұнымен қоса «Үздік бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары - 2022» аудандық байқауында А.Бақытова ІІІ орын, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған өңірлік «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасында Ж.Байкенова ІІІ орын, «Мектепке дейінгі ұйымдағы Үздік жоба - 2022» байқауында К.Нұримова ІІІ орын, «Үздік сынып жетекші - 2022» атты байқаудың аудандық кезеңінде М.Жүніс І орын, облыстық кезеңінде ІІІ орын, «Қашықтан оқыту форматындағы Үздік бейне сабақ – 2022» байқауының аудандық кезеңінде Б.Асарова «Шығармашыл педагог» номинациясы, «Жас ұстаз-2022» аудандық командалық байқауында «TOP FIVE» жас мамандар командалық ІІІ орын алған.

– Қабілеті жоғары және дарынды оқушыларды шығармашылық ізденушілікке баулу мақсатында әр пән мұғалімінің дарынды балалармен жүйелі жұмыс жүргізуде нәтижелі жұмыстары жетерлік. Соның нәтижесін

әрбір оқу жылында өткізілетін пәндік олимпиадаларда оқушыларымыз биік белестерден көрінуде. Осы жылдың өзінде аудандық пәндік олимпиадада 6 оқушымыз жүлделі орындарды иеленіп, 10 сынып оқушысы Мұхаммед Абдраман тарих пәнінен І орын алды. Қазір жетекшісі Бауыржан Аяповпен бірге аталған сайыстың облыстық кезеңіне дайындалу үстінде.

Егемен еліміздің болашағы, оның әлемдік өркеніеттегі өз орны, ең алдымен білім мен тәрбиені бастауы ұстаз қолында. Сондықтан да біздің мектептің ұстаздары көп жылдар бойы шәкірттерін білім нәрімен сусындатып келеді, – деген мектеп директоры Гүлзира Мұханбетқұлызы биылғы оқу жылында да мектеп оқушылары бірнеше рет жеңіс тұғырынан көрініп, ұстаздарының еңбегін еселей түскенін айтады. Мектеп директорының айтуынша, «Қазақстан – бақытты балалар мекені» тақырыбындағы аудандық дебат турнирінде 10 сынып оқушылары Алдияр Зере, Сабырова Гүлсая І орын, облыстық кезеңінде «Үздік оратор» номинациясын иеленген. Сонымен бірге 2022-2023 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жоба конкурсының І кезеңінде (аудандық) Сабырова Гүлсая, Шәкір Гүлзира, Абдраман Мұхаммед, Бисенқызы Алтынай ІІІ орын алса, «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» атты инновациялық идеялардың аудандық кезеңінде «Құрылыс саласындағы модельдер» номинациясы бойынша Сәкенқызы Аяғз ІІ орынды иеленіпті. Ал «Су көлік саласындағы техникалық құрастыру» номинациясы бойынша Мейрамбек Ерасыл ІІІ орынмен, «Ауыл шаруашылық техникалар құрастыру» номинациясы бойынша Кешербекулы Абай ІІ орынмен, «Зерде» конкурсының аудандық кезеңінде қазақ тілі мен әдебиеті секциясы бойынша Абайқызы Инабат ІІ орынмен, өлкетану секциясы бойынша Қайратқызы Назерке ІІ орынмен, экология секциясы бойынша Қосым Нұрлы ІІ орынмен, биология секциясы бойынша Рысмахан Айкерем ІІ орынмен, «Жыл оқушысы» сайысының аудандық кезеңінде 10 сынып оқушысы Алдонғарова Зере ІІ орынмен, 8 сынып оқушысы Бисенқызы Алтынай ІІ орынмен марапатталған. Спорттық шараларда да мектеп оқушылары аудандық, облыстық, республикалық деңгейде топ жарып, абырой биігінен көрініп келеді.

Аталған білім ошағында «Алтын белгі» мен «Үздік аттестат» иегерлері де жоқ емес. 2020-2021 оқу жылында мемлекеттік емтихан және ҰБТ қорытындысы бойынша Аржан Төлеген, Жасулан Алдияр «Алтын белгі», 2021-2022 оқу жылында Ақбота Әбілқасым «Үздік аттестат» иегері атанған. Осы жылы 30 оқушының 20-сы жоғары оқу орындарының грантын жеңіп алып, 10 оқушы арнаулы оқу орындарына грант арқылы оқуға түскен.

Иә, расымен Аққұмдағы А.Бисенов атын арқалаған орта мектепте ауыз толтырып айтарлықтай жетістік те, көпке үлгі қыларлықтай талапты түлектер де баршылық екен. Әр кезеңде бейбіт күннің батырлары тәрбиеленген алтын ұя мұғалімдерінің еңбегін, біліктілігін айтпай кету мүмкін емес. Үйдегі ата-ана берген тәрбиенің кемшін тұсын мектеп қабырғасында толықтырып, текті ұрпақ қалыптастыруда алдына жан салмайтын педагогтар үшін мұндай жетістіктер еңбектерінің жаңғаны деп білеміз.

Үздік оқушы

Бүгінгі жас ұрпақ білімді болса, елдің келешегі кемел болары ақиқат. Себебі қай заманды алып қарасақ та қоғамның қозғаушы күші – жастар. Мемлекет тастарға барлық мәселеде қолдау білдіріп, мүмкіндік жасауда. Ал білімді жастардың қатары күннен күнге артып, әлемдік, халықаралық деңгейде ел мерейін үстем етуде. Адам адамнан білектің күшімен емес, білімнің тереңдігімен ғана оза алады дегендей, расымен де қазіргі заман тек білім мен білікті талап етеді. Ұшқыр ой, қонымды ақыл, пайымды парасаттылығымен ғана мақсатына жетесін, өзінді дәлелдейсін, сонымен қоса артында өшпейтін із қалдырасын.

МҰХАММЕД — мектеп мақтанышы



Біз Социалистік Еңбек Ері атындағы орта мектептің жұмысымен танысып жүріп, мектеп сыныптарының бірінен кітаптан, компьютерден бас алмай, ізденіс үстінде отырған оқушыны көрдік. Қасында жетекшісі бар. Қызығушылық таныттық, сұрадық, таныстық. Бошаң келген оқушы орнынан тұрып, сәлемдесіп, өзін таныстырды. Тәрбиесін қалпынан тани қойдық. Салмақты, көп сөзге жок. Сөйлегенде қысқа, нұсқа жауап қайтарады. Жанында тұрған жетекшісі де көреген кісі екені көрініп тұр. Қазақтылықтың қаймағын бұзбаған, нағыз ұлттық болмысынан айнымаған адам екенін жазбай-ақ таныдық. Басына тақия киіген, еңесін тік ұстап, бірқалыптан ғана тіп қатқан тарих пәнінің мұғалімі еді. Мұхаммедпен алда болатын облыстық деңгейдегі байқауға дайындық үстінде. Қызу дайындыққа кірісіп отырған Мұхаммедтің талабы таудай, мақсаты айқын екеніне көзіміз жетті. «Мен үшін білдім, болдым деу ең үлкен қателік. Өйткені адам оқыған сайын өзінің ештеңе білмейтінін түсінеді. Ал мен осы білімді білген сайын, ізденісімді арттырамын. Бұл мен үшін маңызды. Ізденіс, талпыныс, тынымсыз еңбек пен нақты жоспар ғана адамды мақсатына жеткізеді» деген жас талапкердің өмірлік ұстанымы да біліммен байланысты. «Білім – қымбат қазына, Қанағат тұт азына» дегенді қанатты сөзді өмірлік ұстанымы өткен 10 сынып оқушысының білімге деген құштарлығы талай нәтижелерді әкеліп үлгеріпті.

Бұған дейін Мұхаммед Абдраман республикалық «Iqanab» олимпиадасына қатысып, тарих пәнінен жүлделі ІІ орынды, облыстық «Сыр қойнауы» жобасы аясында өткізілген «Біздің отбасының құнды жәдігерлері» тақырыбындағы ғылыми жобада алғыс хатты, жалпы білім беретін мектептің оқушылары арасында өткізілген «Пушкин оқулары - 2021» байқауында ІІІ орынды, жалпы білім беретін өрен бойынша республикалық ғылыми жоба конкурсының І кезеңінде (аудандық) ағылшын тілі пәні бойынша ІІІ орынды иеленіп, аудандық пәндік олимпиадада тарих пәнінен І орын иеленіп, облыстық кезеңге жолдама алған.

Талабы таудай шәкірт алдағы уақытта дүниежүзі тарихы немесе ағылшын тілін таңдайтынын жасырмады. Болашақтағы мамандығын осы бастан таңдап, сол бойынша білімін қосымша жетілдіруді әдетке айналдырған 10 сынып оқушысы бос уақытында да білімін шыңдайды екен. Тіпті тарих пәнінен бірнеше білім бөйгелерінде топ жарып та үлгерген. Жетекшісінің еселі еңбегі, өзінің айқын мақсатының нәтижесінде ата-анасының сенімін ақтап, мектеп ұжымының абыройын асырып келеді. Бос уақытында спортпен айналысып, волейбол ойнағанды жақсы көреді. Бір қызығы Мұхаммед тарих пәні мұғаліміне қарап, өзі де осы пәнді тереңдетіп оқиды. «Ұстазы мықтының ұстанымы мықты» демекші, ағайынын білім-білігі жас өркенің тарих беттерін үйілуіне ынта-ықыласын арттыра білді. Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин айналы «Мұғалім – білім бөрудегі ең маңызды адам. Ең озық педагогикалық оқу құралдары, үкімет қаулылары, өте қатал инспекторлық бақылау маңызы жағынан мұғалім дәрежесімен теңесе алмайды. Сондықтан мен үшін мұғалім әлемдегі барлық асыл заттардан қымбат» деген қуатты сөзімен бүгінгі ұрпаққа, қазақ қоғамына бір тұжырымды ой қалдырып кетті. Расымен де мұғалім нағыз өз ісінің шебері, мамандығына аса жауапкершілікпен қараса, осы ұлы тұлғалар айтқандай асыл сөздерге лайық бола білсе, онда оның шәкірті де тегін болмасы анық.

Жалпы білім бар жерде өрлеу де бар, есу де бар, жетілу мен кемелдену үрдісі де толастамақ емес. Мұхаммедтің білсем екен, көрсем екен деген талабы тек өрге сүйрейді дейміз. Ауыл мектебінен осындай талапты шәкірттердің, жан-жақты жастардың шығуы ауданның да мерейі. Өйткені абырой ортақ, білім ортақ, жақсылық ортақ.

Нұр НАУАН



Нұржамил АЛМАСҚЫЗЫ

Түлектер тартуы

Жас ұрпақты ғылымға жетелеген



Жалағаш ауданында дүниеге келіп, қоғамда ықпалды, саналы, салауатты адам болып қалыптасқан, мамандықтың әр алуан саласы бойынша табысты еңбек етіп, туған жердің туын биік көтеріп жүрген азаматтар қатары аз емес. Соның бір дәлелі, аудан орталығындағы Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейін бітірген түлектер – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Халықаралық педагогикалық білім беру ғылымдарының корреспондент-мүшесі, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгі иегері Игенбаева Рабиға Тасбергенқызы және Қазақстанның құрметті құрылысшысы, «Ерөн еңбегі үшін» медалінің, «Құрмет» орденінің иегері Тәшенов Серікбай Тұрсынбайұлы өздері білім алған мектеп-лицейде арнайы кабинеттер ашуға қолдау көрсетті.



Айталық, Жалағаш ауданындағы Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры Игенбаева Рабиға Тасбергенқызы атындағы ұлттық тәрбие оқу-әдістемелік кабинеті ашылды. Ондағы мақсат мектеп оқушыларының бойына рухани құндылықтарды сіңіріп, туған жердің тарихың, мәдениетін терең насихаттап, ғылыми және шығармашылық танымын арттыруға негізделген. Сонымен қатар тұғырлы тұлғаларының өмірі мен еңбектері мектеп оқушылары арасындағы ғылыми жобаларға арқау болмақ.

Ұлттық тәрбие оқу-әдістемелік кабинетінің ашылуына орай бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылып отыр. Айталық, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты С.Қоңырбаеваның қатысуымен өтетін «Ұлттық идеяларды заманауи тәрбие үдерісінде пайдалану әдістемесі және технологиялары» атты семинарында қазіргідей жаһандану кезеңінде ұлттық тәрбиені уыстан шығарып алмай, бүгінгі уақыт талабымен ұштастыра пайдалану жайы қарастырылады.

Будан әрі «Туған жердің тұғырлы тұлғалары» атты оқушылардың ғылыми жоба байқауы және «Оқуға құштар мектеп жобасы» жоба аясында қазақ зиялыларының шығармашылығы бойынша жоғары сынып оқушыларының арасында оқырмандар конференциясы

өткелі отыр. Онда алдын ала берілген тақырыптар ашық талқыға салынады. Ал «Ұлттық тәрбиені ұлықтайық» тақырыбында мектеп тәлімгерлерінің сайысы, «Тәрбие үдерісі: ата-ана, мектеп, оқушы» тақырыбындағы семинар-тренингте (психолог Н.Аймаханова) жас ұрпақ тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелер қозғалып, алдын алу шаралары ұсынылады. Айта кетейік, жоғарыда аталған іс-шаралар З.Жарқынбаев атындағы мектеп-лицейінде өтеді.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Халықаралық педагогикалық білім беру ғылымдарының корреспондент-мүшесі Игенбаева Рабиға Тасбергенқызы атындағы ұлттық тәрбие оқу-әдістемелік кабинетінің ашылу салтанаты Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінде өтсе, одан әрі қонақтар Жалағаш аудандық тарихи-өлкетану музейінде болып, аудан тарихымен танысады. Екі күнге жоспарланған ғылыми-танымдық іс-шара аудандық мәдени-сауықтыру көшенінде туған жерге тағзым ретінде Рабиға Игенбаеваның шығармашылық кешімен қорытындыланады.

Мектеп-лицейде ашылатын Тәшенов Серікбай Тұрсынбайұлы атындағы кабинет – жаратылыстану бағытында жабдықталған, яғни, математика кабинеті. Мұнда ойы ұшқыр, қиялы жүйрік, жаратылыстану тақырыбына қызығу-

шылығы бар, дарынды оқушылардың ізденуіне барынша қажетті жағдай жасалған.

Өмір жолына қарасақ, Тәшенов Серікбай Тұрсынбайұлы Жалағаш ауданының тумасы. Алматыдағы сәулет құрылыс институтын бітіріп, «МВА ВІ Group» корпоративтік университетінде тәлім алған. Еңбек жолын СМТП- 4 «Южэлеватормелестрой» тресінде монтажшы болып бастаған ол, 1987-1991 жылдар аралығында БСМУ «Казпромстрой» тресінде мастер, прораб, учаске бастығы қызметтеріне көтеріліп, абырой биігінен көрінеді. 1991-1994 жылдар аралығында «Техникалық-инженерлік орталығында» төраға орынбасары, құрылыс жөндеу жұмысының АХБК бас кеңесшісі болып қызмет атқарған тұсында да ұжымдастарының сый-құрметіне бөленді.

Серікбай Тұрсынбайұлы 1994-2002 жылдар аралығында Қазақстандық металлопрокаттың Ираннан, Ресейден түтік бұйымдарын сату және жеткізумен айналысатын «Жетіру» ЖШС директорының орынбасары болып қызмет атқарып, туған жердің өндірісін өркендеп, нысандардың қалыпты жұмыс істеуіне үлес қосты.

2002-2005 жылдарда Елорданың төрінде Астана қаласында «Яссы-НС» ЖШС директоры болып қызмет атқарса, Астана қаласындағы «Евразиялық Гуманитарлық институт», «Керемет» моншасы, «Семь бочек» тұрғын үй

кешендерінде қосалқымердігерлік жұмыстармен айналысып, жаңа астананың ажарлана түсуіне еңбек етті. 2005 – 2008 жылдар аралығында Астана қаласының «Корпорация КУАТ» АҚ, «КУАТ Градострой Астана», МЖК «Гранд Астана» кешенінің басшысы қызметін атқарды. Сонымен қатар салынып жатқан нысандар дирекциясының техникалық қадағалау бөлімінің жетекші инженері, ОТН ДСО бас маманы, СМУ- 3 бастығы болды. 2008 – 2017 жылдар аралығында Холдинг «ВІ Group» техникалық бақылау департаментінің директоры қызметінде абыроймен атқарды. Ол 2018 жылдан қазіргі уақытқа дейін Атырау қаласы «Bastau construction» ЖШС басшысы қызметін абыроймен атқарып келеді. Бір сөзбен айтқанда, Тәуелсіздіктің тұмарындай жаңа астананың көркейіп, кемелденуіне көп еңбек етті. Аспанмен таласқан әсем ғимараттар, зәулім құрылыстар салуда өз қолтаңбасы бар.

Елге еткен елеулі еңбегімен С.Тәшенов Қазақстанның құрметті құрылысшысы атанып, «Құрмет» орденін және бірнеше мерекелік медальдар иеленді.

Қорыта айтқанда, туған жерге қызмет етудің ерекше үлгісін көрсетіп, жас ұрпақ тәрбиесіне жауаптылық танытып, осынау игі бастаманы іске асырып отырған азаматтарға іргелі мектеп ұжымының айтар алғысы шексіз.

Ғазиза ӘБІЛДА

Ауғанның от-жалыны шарпыған жалағаштықтар

Азамат соғысының өрті лаулаған Ауғанстан демократиялық республикасына «Кеңестер одағының оңтүстік шекарасын американдық империалистердің агрессиясынан қорғау мақсатында» деген желеумен Кеңес армиясының шектеулі контингентін енгізу туралы шешім 1979 жылдың 12 желтоқсанында Кеңестер одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Саяси бюросының отырысында қабылданып, аса құпия қаулымен бекітілді. Сөйтіп бұл оқиғаға дейін ұзақ жылдарға созылған Кеңестер одағы мен Америка құрама штаттары арасындағы әскери және саяси бәсекенің ақыры мыңдаған кеңес әскерінің Ауғанстанға кіргізілуіне әкеліп соқты.



1979 жылы 27 желтоқсан күні Ауғанстан мемлекетіне басып кірген Түркістан әскери округының 40-шы армиясының түрлі әскери бөлімдері он жыл бойы бейбіт ауған халқына көмек көрсетіп, алпауыт шет елдері қаржыландыратын ауған моджахедтеріне қарсы соғыс қимылдарын жүргізді. Осылайша бір мемлекет ішіндегі азамат соғысы өңірлік соғысқа ұласып, халықаралық сипат алды. Біріккен Ұлттар Ұйымының 1980 жылғы 14 қаңтардағы Қарары тәуелсіз Ауғанстан демократиялық республикасына Кеңес әскерлерінің басып кіруі «шетелдік әскери басқыншылық» деп ресми жарияланды. Осыған байланысты халықаралық ұйымдар Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына өздерінің жаппай наразылықтарын білдірді.

1986 жылдан бастап Кеңестер одағының басшылығы бүкіл әлем қауымдастығының алдында саяси қате жібергенін мойындап, оны түзету жолдарын қарастыра бастады. 1986 жылдың ақпанында болған Кеңестер одағы Коммунистік Партиясының XXVII съезінде Кеңестер одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бас хатшысы Михаил Горбачев әскерлерін кезек-кезеге бөліп, ауған жерінен шығару керектігін мәлімдеді.

1989 жылы ақпанның 4-і күні КСРО-ның соңғы әскери бөлімі ел астанасы Кабул қаласын тастап

шықты. Осылайша өріс алған «жұмбақ соғыс» 10 жылға созылып барып тоқтады. 1989 жылдың 13 ақпанында Өзбекстан республикасының Термез қаласы маңындағы шекаралық көпірді шекаралықтармен бірге ең соңғы болып кесіп өткен он жыл бойы Ауғанстан мемлекетінде соғыс қимылдарын жүргізген 40-шы армияның қолбасшысы, генерал-лейтенант Борис Громов Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан толық өкетілгенін бүкіл әлемге ресми түрде жариялады.

Осылайша әскерлердің Ауғанстандағы шектеулі контингенті елге оралды. Ресми статистика деректеріне сүйенсек, 2238 күнге созылған Кеңес-Ауған соғысына жалпы 22 мыңнан аса қазақстандық қатысып, оның ішінде 924 жауынгер мерт болып, 1015 отандасымыз түрлі деңгейде жарақат алып, мүгедек болып елге оралды, 21 адам хабар-ошарсыз кетті. Өткен 34 жыл ішінде төнге түскен әскери жарақат пен түрлі дерттің салдары, «ауған синдромынан» республика көлемінде 3 мыңға жуық интернационалист-жауынгер қайтыс болды.

Соғысқа қатысқан 821 қызылордалықтың майдан даласында 20-сы қаза тауып, 31-і елге мүгедек болып қайтты. Жалағаш аудандық әскери комиссариатынан алынған мәліметке сүйенсек, Ауғанстан жерінде жалпы 41 жалағаштық жігіт өзінің интернационалдық борышын өтеген. Қазіргі таңда жалағаштық 8

«ауғандық» жауынгер жарақат пен түрлі дерттердің салдарынан елге оралғаннан кейін қайтыс болады. Жерлестеріміз «Қызыл Жұлдыз» орденінің кавалері Айтбай Күзембаев, «Ерлігі үшін» және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдарының иегері Рашид Ниязов, Асқар Бітіков, Зауал Махан Баймуратов, Аман Жүгінісов, Байманбек Қаңлыбаев, Махамбет Ешмаханов, Қозыбай Рахметов сынды боздақтардың есімдері мәңгі ел есінде. Қазіргі таңда аудан көлемінде 20 жауынгер-интернационалист тұрып жатыр. Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 34 жыл өтсе де, сол кездегі жауынгерлер, бүгінгі бейбіт өмірдің еңбеккерлері соғыс салған жан жарасынан айығып, қасіреті мен елесінен арыла алмай келеді.

1979-1989 жылдардағы Кеңес-Ауған соғысы Кеңес дәуірі тарихының ең қаралы әрі «ақтандақ» беттерінің бірі болып қалды. Отан алдындағы интернационалдық борышын адал атқарған мыңдаған жас ұрпақ саяси ойынның құрбанына айналды. Ұлынан айырылған ана да, әкесінен жетім қалған бала да Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге аттанған асылдарының нәліктен оққа ұшқанын білмей қал болды. Он жылға созылған бұл соғыстың кімге не үшін қажет болғаны – бүгінгі күннің басты сұрағы.

Содан бері міне, зымырап 34 жыл

өтіпті, соншама уақыт өтсе де сол қып-қызыл от-жалын шарпыған жылдар кешегі бозбала, бүгінгі аға буынның көз алдында. Қаншама қыршын жасты шалғындай жапырып, баудай түсірген жарияланбаған соғыстың салған лаңы мен қасіретіне әлі де лағынет айтылуда.

Сондықтан бұл соғыстың қасіреті мен естелігі әлі талай ұрпаққа сабақ болары сөзсіз. Мынадай мамыражай бейбіт заманда өмір сүріп жүрген біздер білуге тиіс бір қағида соғыста жауынгер өлсе де, естелік мәңгі өлмек емес. Міне, сол естеліктің жасампаздығы болар, 2018 жылдың күзінде аудан орталығында ерлікке тағзым етудің азаматтық үлгісі ретінде Семей атом сынақ полигонында Әскери қызметте болған, 1986 жылы Чернобыль атом электр станциясында орын алған техногендік апаттың салдарын жоюға қатысқан және 1979-1989 жылдары аралығында Ауғанстан жерінде өздерінің интернационалистік борышын өтеген жалағаштықтардың құрметіне арналған еңселі ескерткіш бой көтерді. Бұл ескерткіш биік азаматтық ар-ожданның, әскери антқа адалдықтың, Отанға қалтқысыз қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен барлық жалағаштық ардагер жауынгердің абыройын асқақтатып, құрметін арттырды.

Айгүл ПІРЖАНОВА,
Бұқарбай Батыр тарихи
музейінің ғылыми қызметкері

Қауіпсіздік қаперде болсын

Статистика көрсетіп отырғандай, өрттің көбі жыл ішінде тұрғын үй секторында орын алады. Осындай өрттердің кезінде көп адамдар жарақат алады және қаза табады. Барлық тұрғын үйдегі өрттің шығу себебі іс жүзінде адами факторларға байланысты болып табылады.



Тұрғын үйдегі өрттердің себептері қыста да, жазда да бірдей, тек қыста тұтанулардың айтарлықтай саны ақауы бар пештерден өдеуір өсе түседі. Пәтерлер мен тұрғын үйлерде пешті орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуына баса назар аудару қажет. Өрттердің жиі шығу себептері пештің қатты қызуынан, қаланған пештердің жарықтардың пайда болуынан, от тұтандыру үшін жанғыш және тез тұтанатын сұйықтарды пайдалану нәтижесінен, пеш аузынан шоқтардың түсіп қалуынан орын алады.

Пешке жақын және тікелей оның үстінде тұтанғыш мүліктер мен материалдарды сақтауға, киім кептіруге болмайды. Бөлме пештерінің түпін жолдарына жиналатын күйлерді үш ай сайын тазалап тұрған жөн. Ертеректе салынған қала және аудан үйлерінің, электр желісі сымдарының қалыпты жағдайда емес екені ешкімге құпия емес.

Адамдардың басқа баспанасы болмауынан, арнайы білім тәжірибесі болмаған соң көпшілік жағдайда электр сымдарын өз күштерімен жөндеп, осындай үйлерде ары қарай тұруға мәжбүр. Қарапайым өрт қауіпсіздігі қағидаларын ескере отырып, сіз өз мүлкіңізді, баспанаңызды, мүмкін өміріңізді сақтап қалуыңыз өбден мүмкін. Сондықтан сіздің өміріңіз өз қолыңызда екенін қаперден шығармаңыз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Қырық күн өтті өзіңсіз

Қайраң, өттеген-айы көп сұм дүние... Өмір бар жерде өлім бар екенін біле тұрсақ та өзегіңді өртейтін, аузыңа жалын тығып, ішіңе дерт түсіретін мезгілсіз өлімді естігенде көкірегің қарс айырылады екен. Жылау деген азаптың қармауына іліндірген қу тағдыр ...

Бүгінде ақжаулықты анамыз Гульмира Кішкенбайқызының өмірден өткеніне де 40 күн болыпты. Анамыздың дидары ашық-жарық, көңілі кіршіксіз пәк, пейілі дархан, жүзінен нұр төгіліп тұратын, жан-жағындағы адамдарға ерекше қуаныш сыйлайтын, жүрегі де, қолы да кең, жомарт еді. Ол үлкенге құрмет көрсетіп бата, кішіге ізет көрсетіп ризашылығын алған игі жан еді. Ағайынның ардақтысы, бауырларының қолдаушысы, жарына адал балаларына аяулы ана болған құламайтын шың еді.

Тұрсынбаева Гульмира Кішкенбайқызы 1969 жылы 27 шілдеде Жалағаш ауданында дүниеге келген. 1984 жылы сол кездегі СПТУ-150 оқуға түсіп, 3 жыл оқып шығады. 1990 жылы А.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетіне оқуға түсіп, 1995 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» мамандығы бойынша бітірді. 1993 жылы №203 орта мектепте мұғалім, 2000 жылы «Аспазышлар» тобы, өндірістік оқу шебері, 2004 жылы психолог, 2007 жылы №3 кәсіптік мектепте оқу ісінің меңгерушісі, 2013 жылы ЖИАК әдіскері, 2018 жылдан өмірінің соңына дейін Жалағаш индустриалды-аграрлық колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды.

Аяулы анамыз уәдесіне берік, жаныңа сүйеніш болған жақын жолдас, қайғылыға мұңдас, жүрегі мейірімге толы шынайы азамат еді. Қызметіне жанымен төселген, еңбегі ерөн, ойы терең, ортасына сыйлы, ұжымына қадірлі, елге беделді азаматша еді. Күрсінгеннің көңіл кілтін аша білетін, әрбір жанның жүрегіне медеу салатын адалдық пен сыйластықтың нышанына айналған ізгі жан еді. Сол ізгі жан бүгінде ортамызда жоқ.

Жұлдыздайын бір жарқырап жандың да, Ерте сендің ұрынғандай жаңбырға. Бұл тағдырға не деріңді білмейсің, Білмеген соң не боларын алдында. Жалған дүние деген осы, кеше ғана ортамызда жүрген анамыз Гульмира Кішкенбайқызы 53 жыл ғана ғұмыр кешті. Аяулы анамыз көзіңің тірісінде асқар тау өкеміз Бауыржан Нарынбаев екеуі 3 қыз тәрбиелеп өсірді, немере сүйді. Алпанның жазған сынағына сабыр қылудан басқа қолдан келер шара жоқ. Біздің қолымыздан тек сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштау ғана келеді. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын, аяулы ана.

Еске алушылар жары, қыздары, күйеу балалары, құда-құдағайлары





Отбасы – тәрбие бесігі

– 2021 жылы 1 суицидке оқталу жағдайы болды, 2022 жылы суицид орын алған жоқ. Жыл сайын көмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық, суицидтің, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында бекітілген жоспар аясында жұмыстар жүргізілуде. Жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу мақсатында 5-11 сынып аралығындағы 4219 оқушыға сауалнама жүргізіліп, «Психологиялық қолдау тобына» 39, мектепішілік бақылауға 188 оқушы алынды. Жасөспірімдер арасында суицид, зорлық-зомбылық жағдайларының алдын алу бағытында негізгі алгоритмдер бекітілген. Зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында әрбір баланың отбасына талдау, кейс жұмыстары негізгі алгоритммен жүргізілді, – дейді бөлім басшысы.

Ауданда өгей әке мен өгей ана тәрбиесінде 67 бала болса, оның 43-і – қыз, 24-і – ер бала. Отбасында қылмыстық іс қозғалып, сотталған адамдар бар 26 отбасы тіркелген. Оның ішінде мектеп жасында – 49 бала, мектепке дейінгі жаста – 12 бала.

Бытыр ауданда 1 зорлық-зомбылық жағдайы орын алған. Мәселе аудан әкімі жанындағы комиссия отырысында қаралып, білім бөлімі тарапынан психологиялық, әлеуметтік қолдау жасалып, бақылауға алынған.

Көмелетке толмағандардың құқық бұзушылығын болдырмау мақсатында бос уақытты тиімді ұйымдастыруға арналған аудандық іс-шаралар жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес мүдделі органдардың қатысуымен көмелетке толмағандар арасында «Түнгі қаладағы бала», «Жасөспірім», «Жазғы демалыс», «Бала және отбасы» атты рейдтер мен ата-аналар жиналыстары, тәрбиелік шаралар тұрақты түрде өткізілуде. Талғат Құрақбайұлы білім беру ұйымдарында жан-жақты жұмыс атқарылғанымен, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтар орын алып жатқанын жасырмады. Мәселен, аудандық полиция бөлімінің профилактикалық есебінде өткен жылдың басынан бері 1 қылмыспен 3 жасөспірім тіркелген. Жасөспірімдердің қатысуымен болған құқық бұзушылықтар мектептен тыс, түнгі беймезгіл уақытта орын алған. Бытыр түнгі мезгілде жүрген 194 жасөспірімнің ата-анасына өкімшілік «ескерту» берілген.

– Бала тәрбиесімен қатар олардың білім алуында қауіпсіз ортада өмір сүруі ерекше жауаптылықты қажет етеді. Білім беру ұйымдарының барлығы бейнебақылау жүйелерімен қамтылған. 20 мектепте 343 бейнебақылау камерасы орнатылған. Оның 217-сі – ішкі, 126-сы – сыртқы камералар. Быыл 2 мектепке бейнебақылау орнатуға қаржы қаралды. Көнт орталығындағы 5 мектепке турникет орнатылды. 15 мектепке дабыл түймесін орнатуға облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар жасалуда, – дейді бөлім басшысы.

Бүгінгі таңда оқушыларды өнерге, рухани құндылықтарға тәрбиелейтін мектептен тыс ұйымдардың маңызы зор. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында жалпы қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарға барлығы 4585 бала тартылған. Бұл орта мектепте білім алушы 7044 баланың 85 пайызын құрайды.

Қазіргі таңда қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі – қыз бала тәрбиесі. Ежелден қазақ халқы қыз бала тәрбиесіне аса мән берген. Соңғы уақытта мектеп жасындағы қыз балалар арасында келеңсіз жағдайлардың жиі орын алуы ойландыруы тиіс. Ерте жүктілік жағдайларымен 2020 жылы ауданда 2 жағдай, 2021 жылы 3 жағдай, 2022 жылы 2 жағдай тіркелген.

Есепке алынған көмелетке толмаған жасөспірімдердің барлығы колледж

студенттері екен.

Иә, Талғат Садықов айтқандай, бала тәрбиесінде тек ұстаздарға иек арту орынсыз. Ұрпақ тәрбиесінде ата-аналар жауапкершілікті бірінші кезекке қоюы тиіс. Тал бесіктен жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің негізгі ұйытқысы ата-ана болып қала беретіндігіне еш күмән жоқ. Отбасы – барлық адамзат қоғамы үшін теңдесі жоқ құндылық, адам баласының қасиетті алтын мектебі. Бала тәрбиесінің негізі де отбасында қаланады.

Бөлім басшысы салаға, жалпы бала тәрбиесін нығайтуға мемлекет тарапынан жасалған қолдауларды да назардан тыс қалдырмады.

– Мемлекет басшысы өткен жылды «Балалар жылы» деп жариялап, айрықша маңыз берді. Қазіргі таңда ауданға қарасты 3 мектеп-лицей, 1 мектеп-гимназия, 16 орта мектеп, 37 мектепке дейінгі ұйым, 3 қосымша білім беру ұйымы, 1 кешкі мектеп бар. 20 мектеп бойынша 7044 бала білім алуда, оның ішінде 802 оқушы қосымша білім беру ұйымына, 4205 оқушы мектеп жанындағы үйірмелер мен спорттық секциялармен қамтылған. Балалар жылы ауданда бүгдүрішдерімізге арналған бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Мемлекеттік бағдарлама қолдауымен Жалағаш кентінен жалпы құны 420 млн теңгені құрайтын 200 орындық Оқушылар үйі мен 50 орындық Өнер мектебі пайдалануға берілді және 1-6 жас аралығындағы балаларды қамту бағытында Мырзабай Ахун елді мекенінен 65 орындық «Кәусар» және Аққыр елді мекенінен 70 орындық «Мейіржан», 50 орындық «Алтын уя» жеке балабақшалары ашылып, жұмыс жасап жатыр. Балаларға тарту ретінде ауданда демеушілердің қолдауымен 6 балалар спорт-ойын алаңы мен 1 стритбол алаңын пайдалануға бердік. Биылдан бастап Дәуімбай елді мекенінен «Жеті қазына» балабақшасы, кент орталығынан «Арун kids» балабақшасы өз жұмысын бастады, – дейді ол.

Білім сапасына мектептердің инфра-құрылымын дамыту да оң әсер етеді. Қазір ауданда апатты жағдайдағы мектеп мәселесі шешілген. Білім мекемелерінде цифрландыру бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Мектептердің барлығы интернет желісіне, «BilimLand» электрондік платформасына қосылған. Компьютерлер паркі 100 пайыз жаңартылған.

Бүгінде білім ошақтарында үш оқушыға 1 компьютерден келеді. 12 мектепте робототехника, 57 интерактивті кабинет, 96 жиналмалы интерактивті кабинет, 20 лингвфондық мультимедиялық кабинет жұмыс істейді. Мектептердің 75 пайызы жаңа модификациялық кабинеттермен қамтамасыз етілсе, 2022 жылы 40 млн 766 мың теңге қаржы қаралып, 5 мектепке жаңа модификациялық кабинеттер берілді.

Кеңесте жағымды жаңалық та айтылды. Алдағы уақытта Мемлекет басшысының бастамасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында аудан орталығынан тағы 1 мектеп құрылысы басталады. Оған жер телімі де рәсімделіп берілген.

Басқосуда аудандық полиция бөлімі басшысының міндетін атқарушы Мәулен Өсер көмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу шараларына тоқталды. Баяндамашы бұл бағытта жүргізілген профилактикалық жұмыстар барысында былтыр 194 құқық бұзушылық анықталып, қаңғыбастық пен кезбелікке салынған 5 жасөспірім бейімдеу орталығына орналастырылғанын айтады.

М.Өсер 2022 жылы ауданда көмелетке толмағандармен жасалған қылмыстар 100 пайызға өскенін жасырмайды.

Қазіргі уақытта алаңдататын мәселенің бірі топпен жасалынатын

қылмыстар. Қабылданған шаралардың нәтижесінде бұл санатта жасалған қылмыстарға жол берілген жоқ. Дегенмен жастар мен жасөспірімдер арасында топпен жасалған төбелесулер орын алуда. Одан бөлек оқушылар мен студенттер және тұрғындардан қоғамдық орында суық қару алып жүрудің 9 дерегі анықталып, оларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ал жасөспірімдерге қатысты жасалған қылмыстар 1-ден 4-ке өскен. Отбасылық қарым-қатынас үйлесімділігінің бұзылуы, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілік, бақылаудың жоқтығы көп жағдайда жасөспірімдердің үйлерінен қашып кетуіне әкелуде. Атап айтқанда, көмелетке толмағандар арасында хабар-ошарсыз кетудің 5 дерегі тіркеліп, олардың барлығы анықталып, ата-анасына табысталды, – дейді ол.

Аудандық аурухананың бас дәрігері Еркебұлан Мақсұтов былтыр 18 жасқа толмағандар арасында 4 жүктілік жағдай тіркеліп, оның 3-еуі толық 17 жасқа толғанын айтады. Сорақысы соғ, оның 1-і 17-ге әлі толмаған. Осы ретте жоғарыда Талғат Құрақбаевтың сөзіне қосымасқа лажың қалмайды. Расында бала тәрбиесін тек ұстаздарға артып қою орынсыз. Айтылған кемшіліктер бала тәрбиесінде жұмыла жұмыс жасауды қажет ететінін аңғартады.

Көмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу және бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары хакында облыстық білім басқармасының басшысы М.Шермағанбет те өз ойын ортаға салды. Кеңес аудан әкімі Асқарбек Есжановтың сөзімен қорытындыланды.

– Ақпараттар ағыны толастамайтын күн сайын өзгеріп жатқан, бет ілеспес шапшаңдықпен дамуға бет алған бүгінгі дәуірде рухани құндылықтар мен ұлттық тәрбиенің өзегінен ажырап қалмауға тиіспіз. Данышпан Абайдың «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата-ана, жақсы құрбы, ұлағатты ұстаздан болады» деген өсиеті әлі күнге дейін өз мәнін жоғалтқан емес. Қайта уақыт озған сайын салмағы еселеніп, маңызы арта түсуде. Ата-ананың ең үлкен бақыты баласының жақсы азамат болғанын көру болса, мемлекет пен қоғамның басты мақсаты – елге ие болатын білімді әрі Отаншыл ұрпақ тәрбиелеу. Біз бар жақсымыз балаларға деп, олардың бақытты өмірі, бақытты болашағы үшін жұмыс істейміз. Заманауи технологиялар мен жаңа медианың көшіне ілесу, мүмкіндіктерді тең пайдалану бүгінгі ұрпақтың қалауы болғанымен, техникалық өзгерістер жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерін қалыптасуына кері әсер етуде. Бүлдір-шіңдер мен жеткіншектердің интернетке тәуелділігі уақыт өткен сайын белең алып, спорт пен шығармашылық қабілеттерін дамытудың орнына көрісінше смартфонға, компьютерге, планшетке үңіліп отыратын болды. Міне, ұрпақ тәрбиесіне қатысты біздің жіберіп алған олқы тұсымыз да осы. Сондай-ақ соңғы уақытта оқушылар арасында электронды темекіге әуестену, өз-өзіне қол жұмсау, ерте жүктілік, ойынқұмарлық, топтық төбелестер мен әлімжеттік, құмар ойындарға бой алдыру, бәске ақша тігу секілді келеңсіз жағдайлар жиі кездесіп келеді. Қазіргі таңда белең алып отырған осындай жаман құбылыстар ішінара бізде де бар, ал оның алдын алмасaq, көп ұзамай бұл бізге жаппай деңдеп өнетін сөзсіз, – деді өңір әкімі.

Кеңесте Асқарбек Есжанов алаңдататын тағы бір жайтты атады. Ол – суицид. Ол өз-өзіне қол жұмсау өмірдегі қиындықтарды жеңудің жолы емес екенін балаларға түсіндіру, санасына құю кемшіш деп есептейді.

– Бұл – ұстаздардың ғана емес, әрбір ата-ананың міндеті. Бірақ кейбір жеткіншектердің өлсіздікке бой алдырып, өз-

өзіне қол жұмсауының астарында ата-ананың баланың жан дүниесіне үңілмеу, жылы қарым-қатынастың өз деңгейінде болмау себебі де бар. Оқушылар арасында орын алған келеңсіздіктерге білім беру мекемелерін кінәлі ету ата-ана мен ұстаз арасындағы үйлесімді байланысқа сызат түсіруде. Әлеуметтік желінің иілігінің пайдалану – заман талабы. Біз әлеуметтік желіні мүлде қолданбай отыра да алмаймыз, одан түбегейлі бас тарта алмаймыз. Бірақ гаджеттерге тәуелділік күшейіп, күнделікті қарым-қатынас онлайн сипатта белең алып жатқаны бізді ойландыруы тиіс. Бұл жақсы құбылыс емес, қазір баланы былай қойғанда үлкендердің өзі бірі-бірімізбен сөйлесуден қалып барамыз. Сондықтан ұрпағымыз интернет иірімінде, желінің жетегінде кетпеуі үшін біз, әрбір ата-ана мәселені өзімізден бастап, «Бала-ұстаз-ата-ана» ұштағаны бірлікте, үндестікте жұмыс істеуі қажет. Ұрпақ тәрбиесінде отбасының, ата-аналардың жауапкершілігі де маңызды, – дейді Асқарбек Есжанов.

Аудан әкімі айтқандай, сапалы білім мен саналы тәрбиенің мәселелерін байыпты шешуде тек ұстаздарға ғана иек арту орынсыз. Осы орайда ол мектептерде, білім мекемелерінде ұлттық тәрбиеге жете мән беріп, «Аналар академиясы», «Әкелер кеңесі» мен ата-аналар комитетінің жұмысын жандандыру қажет деп есептейді. Ал аудандық мәдениет және спорт бөлімі білім бөлімімен бірлесіп, балалардың бос уақытын тиімді пайдалануға үлестіру бойынша бірлескен көшенді шаралар қабылдауды тиіс. Әсіресе ерекше бақылауды қажет ететін түрлі санаттағы отбасы балаларын шығармашылық және спорттық секцияларға тарту жұмыстарын үйлестірудің маңызы айрықша.

Аудан әкімі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі білім мекемелерімен бірлесіп, түрлі санаттағы отбасыларға талдау жасап, тиісті шаралар қабылдауды қажет дейді. Ал полиция бөлімі білім мекемелерімен бірлесіп, жасөспірімдер мен жастар арасындағы құқық бұзушылық, кибербуллинг әрекеттерінің алдын алу жұмыстарын әлі де күшейтуі керек.

– Халқымыз ықылым заманнан, «Әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер» деген қағидады басшылыққа алған. «Ұлтыңды сақтаймын десен, қызыңды тәрбиеле, рухыңды сақтаймын десен, ұлыңды тәрбиеле» деген сөз де біздің данышпан бабаларымыздан қалған өсиет. Дәл осы қанатты сөз қаперде болса, айдыны кең, асқары биік ауданның кейінгі буынымен беделі артпаса, биігі төмендемесі хақ, «Алма ағашынан алысқа түспейді», «Егініңнің баласы арық қазып ойнайды» деген аталы сөздің өз де балаға бағдаршам болу арқылы бойына ұлттық тәрбиені сіңіре алатынымызды нақтылап тұр. Демек, бала тәрбиесінде шалыс қадам жасамау үшін алдымен өзімізді тәрбиелеуіміз керек. Бізге дамыған өркениетті ел екен деп Еуропаға, сонау Америкаға еліктеудің қажеті жоқ, осы данышпан бабаларымыздың жолымен жүрсек, қателеспейміз және ұлағатты да тәрбиелі, ел қорғаны болатын ұрпақ өсіреміз. Осыған дейін бала тәрбиесінде жіберген қателікке не себеп деген сауалға жауап іздесек, біреудің сансығын таңсық көретін жаман әдетімізді тағы айналып өте алмаймыз. Міне, жоғарыда балалар салған сара жолдан таймау қажет деп отырганымыз да сондықтан, – дейді өңір әкімі.

Иә, бала тәрбиесі бізді ойландыруы тиіс. Себебі мемлекет болашағы да солардың болашағымен тікелей байланысты. Кешегі кеңесте маңызды мәселелер қамтылып, бірқатар сауалдың түйіні тарқатылды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңның 4-бабында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс-қағаздарын жүргізу тілі» деп көрсетілген. Сондықтан барлық салада іс-құжаттар қазақ тілінде жүргізіліп, әрбір заң Мемлекеттік тілде жазылуы тиіс.

Әрбір заң қазақша жазылуы тиіс



Ата Заңда «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» деп жарияланған. Яғни ол – тек қазақтардың ғана емес, этнос өкілдерінің де мемлекеттік тілі. Қандай қоғам болса да өзара түсінісу үшін ортақ тіл таңдайды, қазақ тілі – барлық қазақстандықтардың ортақ тілі. Ортақ тілі болған соң олардың осы елде өмір сүру, жұмыс істеу, өзара қарым-қатынасқа түсу тілі болуы тиіс. Барлық елдерде солай.

Францияда тұрғындардың барлығы француз емес, бірақ олардың барлығы француз тілін міндет санайды. Қытайда да, Ресейде де, Испанияда да солай. Өйткені «Бір мемлекет – бір тіл» ұғымы – өркениетті елдердің барлығы үшін аксиома. Онсыз ортақ құндылықтардың қалыптасуы қиын. Бір мемлекет ортақ үй, ортақ ұжым ретінде қалыпты өмір сүруі, дамуы керек. Сол үшін сол мемлекеттің азаматтығын алған адамдардың барлығы ортақ мемлекеттік мүддені жоғары қояды.

Мемлекет нығайғанда ғана жеке адамдардың бейбіт өмірі, тыныштығы сақталады және ел азаматтары өзінің қабілетін толық ашып, орнықты қызмет істей алады, белгілі бір беделге ие болады, дәулеті асады. Ал өзі азаматы болып табылатын мемлекеттің ең басты белгілерінің бірі мемлекеттік тілін білмеу, тіпті білгісі келмеу, мойындамау – сол мемлекеттің рухани жағынан ортақ үлкен ұжым болып қалыптаса алмағандығын байқатады.

Қазіргі Қазақстан жағдайында азаматтардың мемлекеттік тілді үйренуіне барлық жағдай жасалып жатыр. Тілді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жасалған, тілді үйретуге арналған әртүрлі оқу құралдары бар, мемлекеттік тіл орта мектепте, арнаулы және жоғары оқу орындарында, мемлекеттік қызметте, ұлттық орталықтарда тегін оқытылады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналатын кезеңі келгенін айтты. Расында бір тудың астында күн көшкен халықтың біртұтас ұлт болып қалыптасуы үшін мемлекеттік тілдің өз функциясын атқаруы – заңдылық. Өйтсе де мемлекеттік тіліміздің қолданысы әлі күнге өзекті мәселе болып тұр. Мұның бір мысалы – заңдарымыздың мемлекеттік тілде жазылмауы.

Мәселен қазірге дейін «Кеші-қон туралы» және «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» деп аталатын екі заң ғана мемлекеттік тілде қабылданған. Қалған заңдар орыс тілінде қабылданып, кейін қазақ тіліне аударылған. Сондықтан болар көпшілігіміз Заңның мемлекеттік тілдегі баптарын орыс тіліндегі нұсқасымен салыстырып қана толық түсінеміз. Себебі заңдардың қазақ тіліндегі нұсқасының сөйлемі өте күрделі. Заңмен күнделікті шұғылданатын заңгерлердің өзі түсінбей тұрғанда, қарапайым адамның қаншалықты қиналатынын айтпаса да белгілі.

«Құқықтық актілер туралы» заңның 24-бабының 3-тармағында «Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері тең түпнұсқалы болуға тиіс» деп жазылған. Бірақ бұл қазақша заң мәтіндерінің түпнұсқа екенін білдірмейді. Тек аударылған мәтіннің мазмұнын түпнұсқадан ауытқымайтынын аңғартса керек. Дегенмен орыс тілінің қалыбына салынып дайындалған қазақша мәтіндердің қалықағ урынбауы неғайбыл. Осыдан кейін заңның қазақ тіліндегі нұсқасы қарапайым жұртқа ұғынықты бола бермейді. Тіпті оны судьялардың өздері де әрең түсінер. Олардың көп жағдайда орысша мәтінге сүйене отырып, қазақ тілінде іс жүргізетіні баршаға мәлім.

Қазір қоғам да, адами құндылықтар да өзгерді. Ой мен сана, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар жаңаруда. Бүгінгі қалыптасқан демографиялық және миграциялық үдерістерді, ұлттық сана сезімнің өскенін ескерсек, алдағы уақытта ендігі ұрпақ қазақ тілінің мемлекеттік қолданыс аясын тез арада кеңейтуді талап етуі заңдылық. Осы ретте әрбір заңды тек қазақ тілінде қабылдайтын уақыт жетті деп білемін. Өйткені басым бөлігі қазақша сөйлейтін халыққа барлық құжаттар толық түсінікті болуы үшін заңдар мемлекеттік тілде дайындалуы керек.

Жалпы Президент айтқандай, мемлекеттік тіл ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналып, заңның қазақша мәтіні баршаға түсінікті болуы тиіс. Қазақ тілінде жазылған заңды қарапайым халық та жақсы түсінуі қажет. Билер сотын қалыптастырған бай, өткір тіліміз қазақ тілі – турасын айтып, нақты жеткізуге өте ыңғайлы тіл. Сондықтан мемлекеттік тілдің заң тілі ретінде бекітіні, Ата заңымыз рухани жаңғыратын қазақ тілі заңның тіліне айналатын кез келді.

Рахат АҚҚАСЫНОВ,
аудандық соттың
бас маманы,
Қазақстан Заңгерлер
одағының мүшесі

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-56
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.